

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Электр шәйнек
KG-1700 Wave

DEXP

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	4
Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық	4
Құрылғының сұлбасы	5
Пайдалану нұсқаулығы	5
Тазалау және күтім жасау	6
Сақтау	6
Техникалық сипаттамалар	6
Шәйнектегі бөгде иістерден арылтуға қатысты кеңестер	7
Қақты кетіру (су құбырынан су толтырғанды)	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	8
Қосымша ақпарат	8

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Шәйнек тұрмыстық жағдайларда суды ысытып қайнатуға арналған.

Қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық

- Шайнектің ыстық беттеріне қол тигізбеңіз. Ыстыққа төзімді қолғаптар пайдаланыңыз.
- Шайнекті, оның сымын немесе штепсельдік ашасын суға салуға болмайды.
- Балалардың қасында шәйнек қолданған кезде абай болыңыз.
- Тазалау алдында құрылғыны электр желісінен ажыратып, суытыңыз.
- Көрінетін зақым ақаулары анықталған жағдайда шайнекті пайдаланбаңыз.
- Шайнекті тек қана тұрмыстық үй жағдайында пайдаланыңыз.
- Қуаттау кабелінің орналасуын мұқият қадағалаңыз. Оны ыстық беттерден оқшаулаңыз.
- Алдымен шайнекке суды құйыңыз, содан кейін оны платформаға қойыңыз.
- Шайнекті тек мақсатына сәйкес пайдаланыңыз.
- Құрылғыны тек жерге қосылған үйлесімді электр желілерімен пайдаланыңыз.
- Шайнекті қоспас бұрын, қақпақтың жабық екеніне көз жеткізіңіз. Ешқашан суды қақпағы ашық кезде қайнатпаңыз.
- Шайнекті ыстық сумен жылжытқанда абай болыңыз.
- Шайнек балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған.
- Шайнекті тегіс, құрғақ бетке орнықтырып қойыңыз.
- Шайнектің ішіне судан басқа қандайда бір сұйықтықтарды қайнатуға болмайды.
- Егер сіз шайнекті бөлмеге аяздан әкелсеңіз, оны бөлме температурасына дейін жылытуға 2 сағат беріңіз. Оны бірден желіге қосуға болмайды.
- Шайнекті тек бастапқы платформасымен пайдаланыңыз.
- Қыздыру барысында шайнекті ұстамаңыз және оны тасымалдамаңыз.
- Шайнекке тек суық су құйыңыз.
- Керекті деген көлемнен асыра шайнекке су толтыра құймаңыз, өйткені ол қайнаған кезде асып төгілуі мүмкін.
- Шайнекке қажетті көлемнен аз су құймаңыз, себебі бұл қыздыру элементінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Шайнекте су қайнап жатқанда, оның қақпағын ашуға болмайды.

Құрметті сатып алушы!

- Алғашқы қолданар алдында шәйнекке су құйыңыз, оны екі рет қайнатыңыз және төгіңіз.
- Шәйнектің қақпағын ажыратпаңыз.
- Қақпақты ашатын кезде ұқыптырақ болыңыз, оны сындырып алмаңыз.
- Шәйнекке судан басқа ештеңе құймаңыз.
- Шәйнекті тамақ дайындау үшін пайдалануға болмайды.

Құрылғының сұлбасы

1. Шәйнектің корпусы.
2. Шүмегі.
3. Қақпағы.
4. Қақпақты ашатын батырма.
5. Қосатын батырмасы.
6. Тұтқасы.
7. Су деңгейінің межесі.
8. LED жарығы.
9. Тұғыры.



Пайдалану нұсқаулығы

- **Су толтыру**
 - Тұғырдан шәйнекті алып тастаңыз.
 - Қақпақты абайлап ашыңыз.
 - Шәйнекті сумен толтырыңыз, су деңгейі «MIN» және «MAX» белгілерінің арасында орналасуы керек.
 - Қақпағын жабыңыз.
- **Шәйнекті іске қосу**
 - Қуаттау кәбілін үйдегі электр желісіне қосыңыз.
 - Шәйнекті тұғырына орнықтырыңыз.
 - Шәйнекті тұтқадағы қосқыштың көмегімен қосыңыз. Шәйнек суды ысытуын бастайды.
- **Шәйнекті өшіру**

Су қайнаған сәтте шәйнек автоматты түрде өшіріледі. Егер сіз кездейсоқ бос шәйнекті қоссаңыз, қауіпсіздік сенсоры жұмыс істейді және шәйнекті автоматты түрде өшіреді. Бұл жағдайда оған салқындауға 20 минут бойы уақыт беріңіз.
- **Шәйнекті қайталап қосу**

Шәйнекті автоматты түрде өшіргеннен кейін 15-20 секундтан бұрын қоспаңыз.

Тазалау және күтім жасау

- Қақпағын ашыңыз да шәйнекті босатыңыз.
- Тазалау алдында әрдайым құрылғыны ажыратып, қуаттау кабелін розеткадан ажыратыңыз.
- Шәйнек салқындағанына көз жеткізіп алыңыз.
- Шәйнекті құрғақ таза әрі жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Шәйнекті тазалауға ешқашан да қырнауыш заттарды пайдалануға болмайды.

Сақтау

- Шәйнекті өшіріңіз де розеткадан қуаттау кәбілін суырыңыз. Шәйнекті суытыңыз.
- Нұсқаулықтарын орындап отырып, шәйнекті тазартыңыз.
- Сақтау үшін қуат сымын платформаның ішкі жағына орау ұсынылады.
- Шәйнекті құрғақ салқын жерге орнықтырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Уақыт өте келе шәйнектің ішіндегі қыздыру элементтері түсін сәл өзгертуі мүмкін.
- Егер пайдаланылатын суда тұз мөлшері жоғарыласа, қыздыру элементтерінде шөгінділер пайда болуы мүмкін. Оларды шүберекпен тазалаңыз және мүмкін болса, таза суды қолданыңыз.
- Құрылғының кез-келген ақаулығы немесе зақымдануы анықталған кезде, оны дереу тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: KG-1700 Wave.
- Қуаттау параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 1850-2200 Вт.
- Көлемі: 1.7 л.
- Сымының ұзындығы: 0,75 м.
- Қыздыратын элементтің материалы: тот баспайтын болат.
- Корпустың материалы: шыны.
- Қайнаған кезде автоматты сөнуі.
- Көмескі жарық.
- Сүзгі.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.
- Қуат сымын бекіту түрі: Y.
- Қорғау дәрежесі: IPX0.
- Қорғау классы: I.

Шәйнектегі бөгде иістерден арылтуға қатысты кеңестер

Суды қайнатқаннан кейін сыртқы иістерден біржола құтылу үшін және оның жағымсыз дәмін сусындардан тазарту үшін төменде сипатталған әдістердің бірін қолданыңыз:

- **Лимон шырыны.** Ол үшін үш -төрт лимон алыңыз да, оларды сығыңыз, содан кейін алынған шырынды шайнекке құйыңыз, оны МАХ белгісіне дейін сумен толтырыңыз және қайнатыңыз. Осыдан кейін, ерітіндіні 12 сағатқа қалдырыңыз және шайнекті қайтадан қайнатыңыз, содан кейін шайнекті суық ағынды сумен шайыңыз. Қажет болса, онда сол әрекеттерді қайталаңыз.
- **Лимон қышқылы.** Жаңа шайнекке максималды белгіге дейін сун толтырыңыз және әрқайсысы жиырма бес грамм болатын екі қап қышқыл салыңыз. Ерітіндіні қайнатыңыз да бір түнге қалдырыңыз. Таңертең қайтадан қайнатыңыз, ерітіндіні төгіңіз, содан кейін шайнекті ағынды сумен шайыңыз.
- **Лимонның қабығы.** Шайнекке жарты лимон қабығын салып толтырыңыз және максималды белгіге дейін су құйыңыз. Қайнатыңыз да бір түнге қалдырыңыз (кем дегенде 12 сағатқа). Содан кейін қайтадан қайнатыңыз, шайнектің қабығын алыңыз да, ішіне ағынды сумен шайыңыз.
- **Сірке қышқылы немесе сірке қоспасы.** Шәйнекке су құйыңыз, жарты стакан 9% сірке суын немесе екі ас қасық 70% сірке суын қосыңыз. Ерітіндіні қайнауға жеткізбей-ақ шайнекті қыздырыңыз, өйткені ол қайнаған кезде шетінен асып төгілуі мүмкін. Мұндай жылытуды 2-3 рет жүргізіп, ерітіндіні төгіп, шайнекті ағын сумен шайыңыз.
- **Ас содасы.** Суды жоғарғы белгіге құйыңыз, үш ас қасық ас содасын қосыңыз, суды қайнатыңыз, салқындағанша күтіңіз және қайтадан қайнатыңыз. Содан кейін бүкіл ерітіндіні төгіп, шайнекті ағынды сумен шайыңыз.

Қақты кетіру (ағын суды пайдалану кезінде)

Құбыр суындағы көптеген қоспалар шәйнектің металл бөліктерінде қақтың пайда болуына әкеледі, бұл сусын мен тамақтың дәміне кері әсер етеді. Оны бейта-раптандыру үшін, мынадай келесі кеңестерге жүгінуге болады:

- Шәйнекте сірке суы бар суды қайнатыңыз. Ол үшін суға 2-4 ас қасық сірке суын құйып, қайнатыңыз. Осыдан кейін таза судың мол көлемімен оны шайып жіберіңіз. Шайнекті жақсы желдетілетін бөлмеде (балконда) бір күн ашық қалдырыңыз. Қақ кетуі тиіс.
- Арнайы тазалағыш заттарды ғана қолданыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С – 40 °С аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жарату және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: НИНБО ГУДФРЕНДЗ ЭЛЕКТРИК ЭППЛАЙЕНС КО., ЛТД.

№1338, Таньцзялин батыс тас жолы, Сяодун өнеркәсіп аймағы, Ланьцзян көш., Юйяо, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамаларын жетілдіру үшін алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dex.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.
V.18

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



